

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 мамырдағы № 78 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 21 мамырда № 4711-12 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 28188 болып тіркелген) сәйкес, Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысы әкімінің міндетін атқарушы

К. Кульджанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2024 жылғы 20 мамырдағы

№ 78 қаулысына қосымша

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, (мың теңге)
1	Балық азықтарын сатып алу үшін шығыстарын өтеуге субсидиялар			
1.1	бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары		27 369	7 800,0
1.2	жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары		23 809	5 000,0

1.3	тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары (отандық өндірістің азықтары үшін)	килограмм	20 000	2 100,0
	тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары (шетелдік өндірістің азықтары үшін)		10 000	
1.4	цихлид және олардың будандары		10 000	2 100,0
Барлығы:				17 000,0
2	Балық өсіру материалын сатып алу үшін шығыстарын өтеуге субсидиялар			
2.1	бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары, шабақ (10 граммға дейін)	дана	20 000	5000,0
2.2	жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары, шабақ (0,5-5 грамм)		60 000	300,0
2.3	тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары, шабақ (30 граммға дейін)		100 000	1 500,0
2.4	цихлид және олардың будандары, шабақ (0,5-5 грамм)		30 000	450,0
Барлығы:				7 250,0
3	Б а л ы қ өсіру-биологиялық негіздемені сатып алу үшін шығыстарын өтеуге субсидиялар	дана	2	1 000,0
Барлығы:				1 000,0
4	Д ә р і л і к препараттарды сатып алу үшін шығыстарын өтеуге субсидиялар	тонна	10	50,0
Барлығы:				50,0
5	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірі және оларды күтіп-ұстауды сатып алу үшін шығыстарын өтеуге субсидиялар			
5.1				1000,0

	бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары	дарақ	33	
5.2	жайын тұқымдас балықтар		100	1000,0
5.3	цихлид		50	500,0
5.4	тұқы тұқымдас балықтар		100	1000,0
Барлығы:				3 500,0
Жиынтығы:				28 800,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК